

«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ПӘНІ БОЙЫНША СЫРТҚЫ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ ТЕСТ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

10-сынып

Астана, 2025

Мазмұны

1.	Бағалау мақсаты	3
1.1	Халықаралық стандарттармен байланысы	3
1.2	Оқу бағдарламасымен байланысы	3
1.3	Критериалды бағалау жүйесімен байланысы	3
2.	Сыртқы жиынтық бағалауға шолу	3
2.1	Бағалау міндеттері	4
3.	Емтихан жұмысының сипаттамасы	4
3.1	Емтихан жұмысы.....	4
3.2	Балдардың үлестірілуі.....	4
3.3	Емтиханды өткізу тілі.....	5
4.	Емтиханды өткізу процесін басқару	5
5.	Балдарды қою процесі.....	5
6.	Бағаларды қою процесі	5
6.1	Бағалар сипаттамасы	5
7.	Сұрақтар және балл қою кестелерінің үлгісі.....	6
7.1	Емтихан жұмысының А бөлімі	6
7.2	Емтихан жұмысының В бөлімі	8

1. Бағалау мақсаты

Бағалау мақсаты – оқушының оқу процесінде алған білімі мен білігінің деңгейін, сондай-ақ олардың жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қолдана алу қабілетін анықтау.

1.1 Халықаралық стандарттармен байланысы

10-сыныптың «Қазақстан тарихы» пәні бойынша сыртқы жиынтық бағалау тапсырмалары IGCSE бағалау міндеттеріне сай құрастырылған.

1.2 Оқу бағдарламасымен байланысы

10-сыныптың сыртқы жиынтық бағалауы 9 және 10-сыныптағы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ NIS-programme Білім беру бағдарламасының мазмұнын қамтиды. Оқушылардың білімі мен білігінің деңгейі, сондай-ақ дағдылары «Қазақстан тарихы» пәні бойынша бағдарламаның күтілетін оқу нәтижелерімен анықталады.

1.2 Критериалды бағалау жүйесімен байланысы



Сыртқы жиынтық бағалау критериалды бағалау жүйесінің бір бөлігі болып табылады, сонымен бірге оған қалыптастырушы бағалау, бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау кіреді.

2. Сыртқы жиынтық бағалауға шолу

Барлық оқушылар **А және В бөлімдерінен** тұратын бір емтихан жұмысын орындайды.

Емтихан жұмысы	130 минут
А бөлімінде оқушы үш сұраққа жауап береді. Ол сұрақтар дереккөз материалдарына негізделінген және оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын бағалайды. Құрастырылған сұрақтар (а), (b) және (с) деп белгіленген. Берілетін балл саны (12), (15) және (18). Барлығы 45 балл. Тапсырмаларда 1 мен 4-бөлімдер арасындағы бір тақырыпқа байланысты төрт дереккөздерге дейін әртүрлі мысалдар берілген. Мысалы «Шаруашылық» («Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасының 4-бөлімінен алынған). В бөлімінде оқушы берілген үш эссе сұрағының ішінен өздері таңдап алған біреуіне жауап береді. Барлығы 25 балл	

2.1 Бағалау міндеттері

Бағалау міндеттері оқу бағдарламасы мен оқу жоспарындағы оқу мақсаттарына сай келеді.

1-БМ	Білу және түсіну Оқушылар пән бағдарламасының мазмұнын түсініп, іріктеп, білімін көрсете білуі тиіс.
2-БМ	Дағдылар және талдау Оқушылар • тарихи оқиғалардың себеп-салдарын, өзгерістер мен үздіксіз сабақтастықтарын, ұқсастықтар мен айырмашылықтарын; • өткен замандағы адамдардың дәлелдерін, пікірлерін, көзқарастары мен нанымдарын білуі тиіс.
3-БМ	Пайымдау және шешім қабылдау Оқушылар тарихи контекст бойынша дереккөздерді кең қолданып, бағалап, түсіндіре білуі тиіс.

3. Емтихан жұмысының сипаттамасы

Оқушыларға **А және В бөлімдерінен** тұратын бір емтихан жұмысы беріледі. Емтихан жұмысында барлық бағалау міндеттері бағаланады.

3.1 Емтихан жұмысы

130 минут	
А бөлімі	
Бұл емтихан жұмысында міндетті үш сұрақ берілген. Әр сұраққа сәйкесінше (12), (15) және (18) балдан қойылады. Сұрақтар оқушының әр түрлі деректерді: мәтін, график, сызба, сурет, карта, постер, таблица арқылы түсіндіру, қолдану, бағалау дағдыларын тексереді. Дереккөз материалдары 400 сөзден аспайды. Сонымен қатар оқушының «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасындағы 1-4-бөліміндегі (<i>Әлеуметтік қатынастардың дамуы, Мәдениеттің дамуы, Мемлекеттің дамуы, Қазақстанның экономикалық дамуы</i>) бір тақырып бойынша білімі мен дағдылары бағаланады.	
В бөлімі	
Оқушылар таңдауға берілген үш эссе сұрағының ішінен бір эссе сұрағына міндетті түрде жауап береді. Бір эссе сұрағына 25 балл беріледі.	
Сұрақтар пән бағдарламасының мазмұнын еске түсіріп, іріктеп, білімін көрсете білу және түсіну қабілеттілігін бағалайтын бөліктерден тұрады:	
• тарихи оқиғалардың себеп-салдары, өзгерістер мен үздіксіз сабақтастықтары, ұқсастықтары мен айырмашылықтары; • өткен тарихи кезеңдегі адамдардың пікірлері, көзқарастары мен наным-сенімдері.	

3.2 Балдардың үлестірілуі

Бағалау міндеттері бойынша балдардың үлестірілуі төмендегі кестеде берілген.

Бағалау міндеттері	А бөлімі	В бөлімі	Барлығы
1-БМ	11	10	21

2-БМ	17	15	32
3-БМ	17	-	17
Барлығы	45	25	70

3.3 Емтиханды өткізу тілі

Емтихан қазақ тілінде тапсырылады.

4. Емтиханды өткізу процесін басқару

Емтихан қауіпсіздік шараларының барлығын қатаң түрде сақтай отырып, Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының оқу жетістіктерінің сыртқы жиынтық бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы Нұсқаулықтың талаптарына сай өткізіледі. Нұсқаулық келесі негізгі баптарды қамтиды:

- емтихан материалдары және олардың қауіпсіздігі;
- мұғалімдердің, кезекшілердің және әкімшіліктің міндеттері;
- емтихан өткізуге арналған материалдар мен аудиторияларды дайындау;
- жазбаша және практикалық емтихандарды өткізу үшін сәйкес келетін аудиторияларды дайындау.

5. Балдарды қою процесі

Балл қою процесі бас емтихан алушы, топ жетекшілері және емтихан алушылардан тұратын аттестациялық комиссия күшімен жүзеге асырылады. Балл қою үшін емтихан алушылар тобы құрылады. Оларды топ жетекшілері басқарады.

Балдарды қою кезінде барлық емтихан алушылар балл қою кестесінің бірдей нұсқасын пайдаланады. Балл қою кестесінің дұрыс қолданылуын және бағалаудың әділдігін қамтамасыз ету мақсатында емтихан алушының тексерген жұмыстарын топ жетекшілері, бас емтихан алушы таңдамалы түрде қайта тексереді.

6. Бағаларды қою процесі

Әрбір пән бойынша бағалау нәтижелері А*, А, В, С, D және Е әріптік бағалары түрінде қойылады, мұндағы А* бағасы оқу жетістіктерінің ең жоғарғы деңгейі, ал Е бағасы ең төменгі деңгейі болып табылады.

U бағасы (қанағаттанарлықсыз) оқушының оқу бағдарламасы материалын меңгермегенін білдіреді.

Тест спецификациясында негізгі бағалардың (А, С және Е) сипаттамасы берілген. Аттестациялық комиссия осы бағалардың шекараларын кәсіби ой-пікір және оқушылардың нәтижелері негізінде анықтайды. А*, В және D бағаларының шекаралары арифметикалық жолмен анықталады.

А*, А, В, С, D және Е бағалары қорытынды бағаға аударылады.

6.1 Бағалар сипаттамасы

Негізгі бағалардың сипаттамасы оқушылардың мүмкіндік деңгейін анықтайтын белгілі бір стандарт жөніндегі жалпы түсінігін қалыптастыру үшін беріледі. Іс жүзінде оқушыға берілген баға оның тапсырмаларды қалай орындағанына байланысты болады.

Баға	Сипаттамасы
А	Оқушылар: • тиянақты және логикалық дәлелдемені күшейту үшін тарих туралы білімін ескеріп, іріктеп, ашық жазуы; • үйлесімді ұғымдарды пайдалана отырып, өте лайықты нақышта байланыс орнатуы; • өткен қоғам мен жеке адамдар туралы білімін көрсетуі; • көптеген тарихи деректерді келтіріп, оларды дәлел ретінде қолдана білуі; • белгілі деректерге шек қойылғанын нақты анықтауы; • деректерді салыстыра отырып, бір тиянақты, қисынды тұжырымға келуі керек.
С	Оқушылар: • логикалық дәлелдемені күшейту үшін тарих туралы біршама жақсы білімін есіне түсіруі; • біршама үйлесімді ұғымдарды қолдана отырып, ашық, түсінікті байланыс орнатуы; • өткен қоғам мен жеке адамдар туралы білімін көрсетуі; • тарихи деректерді келтіріп, оларды дәлел ретінде қолдана білуі; • белгілі деректерге шек қойылғанын анықтауы; • деректерді салыстыра отырып, бір түсінікті тұжырымдамаға келуі керек.
Е	Оқушылар: • дәлелдерді негіздеу үшін тарих туралы білімінің ескерілуі; • ұғымдарды пайдалана отырып, орынды байланыс орнатуы; • нақты мысалдар келтіре отырып, басқа адамдардың көзқарасын білетіндігін көрсетуі; • тарихи деректерді келтіріп, оларды дәлел ретінде қолдана білуін шектеулі түрде болса да көрсете білуі; • тұжырым жасамай-ақ, дәлел бола алатын деректерді салыстыра білуі керек.

7. Сұрақтар және балл қою кестелерінің үлгісі

Әр сұрақтың соңында тік жақша [] ішінде осы сұрақтың жауабы үшін берілетін балдар саны келтірілген.

Нұсқама ретінде әр тапсырма үшін қойылатын балдар саны анық көрсетілген балл қою кестесі беріледі.

7.1 Емтихан жұмысы: А бөлімі

Берілген деректерге мұқият қарап, оларды сұрақтың **барлық** бөлімдеріне жауап беру үшін көмек ретінде пайдаланыңыз.

А дереккөзі:

КОКП ОК бірінші хатшысы Н.С. Хрущевтің баяндамасынан үзінді

«И.Сталин сендіру, түсіндіру, адамдармен қажымай-талмай жұмыс істеу жолымен емес, өзінің принциптерін күштеп енгізу, өзгелерді өз пікіріне сөзге келмей тізе бүктіру жолымен әрекет жасады. Оған қарсы шыққандар алдымен басшылық қызметтен босатылып, кейіннен өмірмен қоштасуға да мәжбүр болды.

Егер И.Сталиннің партияны, елді басқаруын талдасақ, оның жіберген барлық кемшіліктеріне мән берсек, біздің партиямызға көп зиян келтірілгеніне көз жеткізер едік.

Бұл мәселені дұрыс талдау бізге И.Сталин тұсында орын алған жағдайлардың қайталанбауы үшін қажет.

... И.Сталин «халық жауы» ұғымын енгізді. Бұл ұғым кез келген адамды заң нормаларын бұза отырып, ең қатыгез қуғын-сүргінге ұшыратуға мүмкіндік берді. «Халық жауы» адамның өз пікірін білдіру мүмкіндігін жоққа шығарды.

1989 жылғы № 3 «Известия ОК КОКП» журналындағы ақпараттан бейімдеп алынған

В дереккөзі:

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығынан үзінді

Ұлы Отан соғысы жылдарында Солтүстік Кавказдан шығарылған шешендердің, ингуштердің, қарашайлардың және олардың отбасыларының құқықтық мәртебесіне қатысты шектеулердің алдағы уақытта қажетсіздігін ескере отырып, КСРО Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. Ұлы Отан соғысы кезінде арнайы қоныс аударылған шешендер, ингуштер, қарашайлар және олардың отбасы мүшелері арнайы елді мекендердегі тіркеуден шығарылып, КСРО Ішкі істер министрлігі органдарының әкімшілік қадағалауынан босатылсын.

2. Осы Жарлықтың 1-бабында аталған халықтардың арнайы қоныс аударуына қойылған шектеулердің алып тасталуы, олардың қоныс аудару кезеңінде тәркіленген мүліктерін қайтару және өз мекендеріне оралу құқығының жоқтығы расталсын.

*КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы К.Ворошилов
Кремль, 16 шілде 1956 жыл*

С дереккөзі:

Сталиндік жүйенің ыдырауын бейнелейтін фотосурет



1956 жыл. Қазіргі заманғы өнер мұражайы, Венгрия

D дереккөзі:

Жұмабек Тәшеневтің ерлігі

«Тың өлкесі» деген аймақ құрып, оны Ресейге қосу жоспарына айтқан жауабын Жұмабек Тәшенев былай баяндайды: Никита Сергеевичке мен бұл мәселенің шешілуі былай тұрсын, тіпті күн тәртібіне қойылуының өзіне қарсы екенімді айттым.

Н.Хрущев: «Саяси Бюроның келісіміне қарсы шығатын сен өзің кімсің, біз саған сенім білдіріп, республиканың үкімет басшысына дейін көтердік, ал сенің айтып отырғаның мынау. Бұл мәселені сендерсіз-ақ шешеміз. Кеңес елі бір мемлекет, қай жерді қай республиканың меншігіне беру КСРО Жоғарғы Кеңесінің еркі», – деп айтты.

Сонда мен: «Никита Сергеевич, егер Жоғарғы Кеңес әр республиканың жерлерін жергілікті органдарынсыз шеше беретін болса, КСРО-ның және ұлт республикаларының Конституциясын жою керек. Ал ол Конституциялардың баптарында әр ұлт республикасы өзінің тарихи жерін, ондағы байлығын өз меншігім деп пайдалануға құқы бар. Оны өзгертуге ешкімнің құқы жоқ», – деп ойымда жүрген КСРО Конституциясында жазылған баптардағы тұжырымды айттым. Сөзімді жалғастырып: «Егер бұл заңдармен санаспайтын жағдай туса, онда біз халықаралық заңды мекемелерге дейін шағым беруден тайынбаймыз, ондай құқығымыз бар», – дедім.

2018 жылы Ресейлік әлеуметтанушы А. Роциннің «Новые известия» ақпараттық порталына жарияланған мақаласынан алынған

Сұрақтар

- (a) Дереккөздер мен өз біліміңізді пайдалана отырып, Қазақстандағы «жылымық» кезеңін зерттейтін тарихшы үшін берілген дереккөздердің құндылығын бағалаңыз

[12]

- (b) Дереккөздер мен өз біліміңізді пайдалана отырып, «жылымық» кезеңіндегі Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінің ерекшелігін түсіндіріңіз.

[15]

- (c) Жұмабек Тәшеневтің ұлттық мүдделерді қорғаудағы рөліне баға беріңіз. Дереккөздер мен өз біліміңізді пайдалана отырып жауабыңызды түсіндіріңіз.

[18]

7.2 Емтихан жұмысы: B бөлімі

Берілген үш эссе сұрағының **біреуіне** жауап беріңіз.

1. «Тоқырау жылдарында Қазақстан экономикасы үлкен жетістіктерге жетті». Сіз бұл пікірмен қаншалықты келісесіз. Жауабыңызды түсіндіріңіз.

[25]

2. Қазақстан Республикасының тұрақты дамуындағы Конституцияның маңызын бағалаңыз. Жауабыңызды негіздеңіз.

[25]

3. «Әміре Қашаубаев – қазақ мәдениетін әлемдік деңгейде насихаттаушы». Сіз бұл пікірмен қаншалықты келісесіз. Жауабыңызды түсіндіріңіз.

[25]

Балл қою кестесі

Балл қою кестесі екі түрге бөлінеді: жалпы және арнайы. Жалпы балл қою кестесі жекелеген сұрақтардың нақты мазмұнына сілтеме жасамайды, тек сұрақты қолдануға арналған. Жалпы балл қою кестесі 3 мөлшерлемеден құралады, мәселен, 1-3 балл (төмен), 4-6 балл (орта), 7-9 балл (жоғары).

Барлық сұрақтарға ашық және толық жауаптар берілуі керек. Балл қою кестесінің екі түрі де бірдей қолданылады.

А бөлімінің балл қою кестесі

1-БМ – 11 балл

2-БМ – 17 балл

3-БМ – 17 балл

Сұрақтар

1 (а) Дереккөздер мен өз біліміңізді пайдалана отырып, Қазақстандағы «жылымық» кезеңін зерттейтін тарихшы үшін берілген дереккөздердің құндылығын бағалаңыз.

[12]

1-БМ – 6 балл

3-БМ – 6 балл

Арнайы балл қою кестесінің мазмұны

БМ1 Оқушылар деректердің кемінде үшеуі бойынша дұрыс контекстіндегі білімдерін көрсетеді. Мысалы, жылымық кезеңіндегі ресми құжаттарды (В дереккөзі) түпдерек ретінде анықтауы, жеке басқа табынушылықты әшкерелеуі (А, С дереккөзі), әміршіл-әкімшіл жүйе мен оның әдістерінің сақталып қалуын В, және D дереккөздері арқылы түсіндіре алуы; бұл кезеңдегі мемлекеттің қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіруі – ұлттық саясатын кемшіліктері, ұлттық мүдденің ескерілмеуі, т.б. (D дереккөзі); қоғамдағы әлеуметтік топтардың кеңестік жүйенің саясатына қарсы болғанын біледі (С, D дереккөзі) және деректердің құндылығын анықтап, өз білімімен (Теміртаудағы наразылықтар т.б.) байланыстырады. Орта деңгейлі жауаптарда екі немесе одан көп дереккөздер бойынша дұрыс контекстіндегі білімі көрсетіледі, бірақ жауап сенімді түрде толықтай берілмеген болуы да мүмкін. Төмен деңгейлі жауаптарда бір ғана дереккөзге қатысты дұрыс және орынды болып табылатын үстіртін контекстіндегі білімі немесе деректерді жеткіліксіз бағалауы берілуі мүмкін.

БМ3 Оқушылар тарихшыға берілген дереккөздердің кемінде үшеуінің құндылығы бойынша негізделген пікір береді. Дереккөздердің құндылығын бағалауда түпдеректер мен интерпретацияланған деректердің ерекшелігіне тоқталып, ресми құжаттар, ғылыми мақала, сурет, естеліктердегі ақпаратпен байланыстырады. А және В, (мүмкін С, D) дереккөздеріндегі ақпараттарға сүйене отырып, мемлекеттік саясаттағы қарама-қайшылықтарды талдайды; А, В дереккөздері жылымық саясатын талдау үшін тиімді пайдалана алады. D дереккөзінің құндылығы, тарихи оқиғаға байланысты ақпараттың сол кездегі Ж.Ташеневтің ұлттық мүддені қорғаудағы рөлін пайымдауға мүмкіндік береді. Дереккөздер негізінде жылымық кезеңіндегі саясаттың жартыкешітік сипатта болғаны туралы өзіндік қорытынды жасайды.

Орта деңгейлі жауаптарда деректердің кемінде екеуінің тиімділігі жөнінде пікір беріледі де, онда белгілі бір деректің құндылығы мен шектеулігі туралы пайымдауын жеткілікті түрде көрсетеді, жалпылама қорытынды жасайды. Төмен деңгейлі жауаптарда бір ғана деректің аясында немесе үстіртін талдау жүргізіп, деректер бойынша өзіндік пікірін көрсете алмайды.

Жалпы балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ Білу және түсіну	3-БМ Пайымдау және шешім қабылдау
5–6 балл Анықталған мазмұнды өте жақсы білетінін және түсінетінін көрсетеді.	6 балл Дереккөздерді сыни тұрғыда тиімді пайдалану.
3–4 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде білетінін және түсінетінін көрсетеді.	3–5 балл Дереккөздерді сыни тұрғыда тиісті түрде пайдалану.
1–2 балл Анықталған мазмұнды аздап білетінін және түсінетінін көрсетеді.	1–2 балл Дереккөздерді сыни тұрғыда аздап пайдалану.
0 балл Анықталған мазмұнды білмейтінін және түсінбейтінін көрсетеді.	0 балл Дереккөздерді сыни тұрғыда пайдаланбау.

(b) Дереккөздер мен өз біліміңізді пайдалана отырып, «жылымық» кезеңіндегі Қазақстанның қоғамдық -саяси өмірінің ерекшелігін түсіндіріңіз.

[15]

1-БМ – 5 балл

2-БМ – 5 балл

3-БМ – 5 балл

Арнайы балл қою кестесінің мазмұны

БМ1 Оқушылар А, В, дереккөздерін пайдаланып, Жылымықтың Қазақстандағы қоғамдық- саяси өмірге әсерін анықтайды. Демократияландыру үдерісінің қоғамда көрініс табуы (А,В дереккөздері). Сонымен қатар, кеңестік биліктің жүргізген саясаты жартыкештік болғандығын анықтайды. Оқушы қуғын-сүргінге ұшырағандардың жартылай ақталуы, кейбір халықтардың тарихи отанына оралуға мүмкіндік алуы, жеке басқа табынушылықтың жойылуы, лагерлер жүйесінің жойылуы т.б. келтірумен қатар қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғалардың толық ақталмауы, «өзгеше ойлайтындарды» жазалау (М. Елікбаев) шараларының жалғасын табуы, адам құқықтарын жоққа шығару, ұлт саясатының дұрыс жүргізілмеуі(D дереккөздері), ел аумағын бөлуге талпыныстар (D дереккөзі) т.б. туралы білімдерін көрсетеді. Орта деңгейдегі жауаптарда дереккөздерді пайдалана отырып, қоғамдық -саяси өмірдегі негізгі оқиғаларды біршама сипаттайды. Төмен деңгейлі жауапта шектеулі түрде білімін көрсетеді.

БМ2 Дереккөздерге сүйене отырып, оқушылар қоғамдық саяси өмірді түсіндіру арқылы, қоғамдық құбылыстарға талдау жасайды, қоғамдық өмірдің қайшылықтары мен тарихи маңызын бағалайды. Өз біліміне сүйене отырып, қоғамдық өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру барысында деректерді тиімді қолданады. Мысалы В,С дереккөздерін саяси қайшылықтарды көрсетуде, D дереккөзін ұлттық саясаттың кемшіліктерін талдауда тиімді пайдаланады. Орта деңгейдегі жауаптарда шектеулі түрде талдау жасайды. Төмен деңгейлі жауаптарда талдаудан гәрі сипаттау басым болады.

БМ3 Қоғамдық-саяси өмірдегі өзгерістерді бағалауда өзіндік пікірін білдіреді. Дереккөздерді сыни тұрғыда тиімді пайдаланып өзіндік пайымдау жасайды.

Жалпы балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ Білу және түсіну	2-БМ Дағдылар және талдау	3-БМ Пайымдау және шешім қабылдау
5 балл Анықталған мазмұнды өте жақсы білетінін және түсінетінін көрсетеді.	5 балл Анықталған мазмұнды тиімді талдау және бағалау.	5 балл Дереккөздерді сыни тұрғыда тиімді пайдалану.
3–4 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде білетінін және түсінетінін көрсетеді.	3–4 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде талдау және бағалау.	3–4 балл Дереккөздерді сыни тұрғыда тиісті түрде пайдалану.
1–2 балл Анықталған мазмұнды аздап білетінін және түсінетінін көрсетеді.	1–2 балл Анықталған мазмұнды аздап талдау және бағалау.	1–2 балл Дереккөздерді сыни тұрғыда аздап пайдалану.
0 балл Анықталған мазмұнды білмейтінін және түсінбейтінін көрсетеді.	0 балл Анықталған мазмұнды талдамау және бағаламау.	0 балл Дереккөздерді сыни тұрғыда пайдаланбау.

(с) Жұмабек Ташеневтің ұлттық мүдделерді қорғаудағы рөліне баға беріңіз. Дереккөздер мен өз біліміңізді пайдалана отырып жауабыңызды түсіндіріңіз.

[18]

2-БМ – 12 балл

3-БМ – 6 балл

Арнайы балл қою кестесінің мазмұны

БМ2 Ж.Ташеневтің Қазақстан жер тұтастығын сақтап қалу рөліне нақты мысалдар келтіреді. Мәселен, Маңғыстаудың Түркіменстан мен Азербайжанға, Бостандық ауданының Өзбекстанға, бес облыстың тың өлкесіне кіріп орталық билікке бағынуына қарсы тұруға, Е.Бекмахановтың ақталуына үлес қосуы, М.Әуезовтің «Абай жолы» романының Лениндік сыйлықтың алуына үлесі, мемлекеттік қайраткерлер мен жас ғалымдарға қолдау көрсеткені, қазақ тілінің мемлекеттік органдарда рөлінің артуына, қазақ әдебиеті, Социалистік Қазақстан газеттерінің жабылып қалуынан аман алып қалуына қосқан үлестерін талдайды. Елдің мүддесін қорғаудағы рөліне баға береді. Жоғары деңгейдегі жауапта дәйектердің жақсы тепе-теңдігі сақталады және олар негізделген пайымдарға әкеледі. Орта деңгейдегі жауапта Ж.Ташеневтің ұлттық мүддені қорғаудағы рөлін көрсетуге талпыныс жасағанымен, оны нақты көрсететін жан-жақты жауаптар берілмейді. Оқушының өзіндік дәлелдері көрсетілуі мүмкін. Төмен деңгейлі жауапта оқушының назары Ж.Ташеневті тұлға ретінде жалпылама сипаттаумен шектелуі мүмкін. Сұраққа толықтай жауап беру талпынысы болмауы да мүмкін.

БМ3 Дереккөздерді сыни тұрғыдан пайдалана отырып, Ж.Ташеневтің Қазақстанның министрлер кеңесінің төрағасы және жергілікті басқару органдарының басшысы ретіндегі мемлекеттік қызметін талдап ұлттық мүдделерді қорғаудағы үлесі жайлы өзіндік пайымдау жасайды.

Жалпы балл қою кестесінің мазмұны

2-БМ Дағдылар және талдау	3-БМ Пайымдау және шешім қабылдау
10–12 балл Анықталған мазмұнды тиімді талдау және бағалау.	5–6 балл Дереккөздерді сыни тұрғыда тиімді пайдалану.
6–9 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде талдау және бағалау.	3–4 балл Дереккөздерді сыни тұрғыда тиісті түрде пайдалану.
1–5 балл Анықталған мазмұнды аздап талдау және бағалау.	1–2 балл Дереккөздерді сыни тұрғыда аздап пайдалану.
0 балл Анықталған мазмұнды талдамау және бағаламау.	0 балл Дереккөздерді сыни тұрғыда пайдаланбау.

В бөлімінің балл қою кестесі

1-БМ – 10 балл

2-БМ – 15 балл

3-БМ – 0 балл

1-эссе сұрағы

(1) «Тоқырау жылдарында Қазақстан экономикасы үлкен жетістіктерге жетті». Сіз бұл пікірмен қаншалықты келісесіз? Жауабыңызды түсіндіріңіз.

[25]

1-БМ – 10 балл

2-БМ – 15 балл

Арнайы балл қою кестесінің мазмұны

БМ1 ХХ ғасырдың 60-жылдарының ортасы мен 80-жылдарының ортасында орын алған экономикалық даму ерекшеліктерін біледі және түсінеді. Жоғары деңгейлі жауапта 1965 жылдары жасалған шаруашылық реформалар (шаруашылық есеп, И.Н. Худенконың фермерлік шаруашылығы), өнеркәсіптің жаңа салаларының дамуы, жаңа өнеркәсіп орындарының ашылуы, өнеркәсіп өнімдерінің өсуі, урбанизацияның орын алуы мен қатар экономиканың шикізаттық бағытта қалуы, экономикалық даму қарқыны баяулауы, әскери-өнеркәсіптің басымдылығы, тауарға мұқтаждық, экономиканы әміршіл-әкімшіл басқару әдісі материалдық ынталандыруды жоққа шығаруы, экстенсивті даму, мемлекеттік меншіктің үстемдігі, жұмысшыларды өнеркәсіп құралдарынан алшақтатуы, орталықтың билеп-төстеу жағдайына алып келуі туралы білімін көрсетеді. Тоқырау жылдарындағы экономиканың жетістіктері мен кемшіліктерін қомақты мағыналы сипаттайды. Орта деңгейлі жауапта тоқырау жылдарындағы экономиканың даму ерекшеліктеріне тоқталады, бірақ жауап нақты емес. Төмен деңгейлі жауаптарда тоқырау жылдарындағы экономиканың даму ерекшеліктерін жалпылама жазумен шектелуі мүмкін.

БМ2 Сұраққа берілетін жауап қомақты және мағыналы болуы тиіс. Жоғары деңгейлі жауапта тоқырау жылдарындағы экономикалық саласындағы өзгерістер бойынша екі жақты талдау жасайды. Мұндай жауапта білімі ғана көрсетіліп қана қоймай, сонымен

қатар экономикалық жетістіктері мен сәтсіздіктері талданады. Негізгі назар Қазақстан экономикасының даму қарқыны төмендеу себептеріне талдау жасап, сыни тұрғыдан бағаланады. Орта деңгейлі жауапта жеткілікті деңгейде талдау мен бағалау болады. Төмен деңгейлі жауаптарды талдау мен бағалау шектеулі түрде көрініс табуы мүмкін.

Жалпы балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ Білу және түсіну	2-БМ Дағдылар және талдау
8–10 балл Анықталған мазмұнды өте жақсы білетінін және түсінетінін көрсетеді.	11–15 балл Анықталған мазмұнды тиімді талдау және бағалау.
4–7 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде білетінін және түсінетінін көрсетеді.	6–10 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде талдау және бағалау.
1–3 балл Анықталған мазмұнды аздап білетінін және түсінетінін көрсетеді.	1–5 балл Анықталған мазмұнды аздап талдау және бағалау.
0 балл Анықталған мазмұнды білмейтінін және түсінбейтінін көрсетеді.	0 балл Анықталған мазмұнды талдамау және бағаламау.

2- эссе сұрағы

- (с) Қазақстан Республикасының тұрақты дамуындағы Конституцияның маңызын бағалаңыз?
Жауабыңызды негіздеңіз.

[25]

1-БМ – 10 балл

2-БМ – 15 балл

Арнайы балл қою кестесінің мазмұны

БМ1 Оқушы Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы 1993 жылы қабылданып, 1995 жылы жаңа - Конституцияның қабылдау қажеттілігі туралы білімін көрсетеді. Конституциялардың қабылдануының алғышарттары, Конституцияның құрылымы мен мазмұны, әр Конституцияның ерекшелігі туралы білімін нақты көрсетеді. т.б. Орта деңгейлі жауапта үстіртін білімі нақты емес. Төмен деңгейлі жауаптарда оқушының білімі шектеулі түрде ғана көрінуі мүмкін.

БМ2 Оқушы Конституциялардың ұқсастығы мен айырмашылығын түсіндіреді. Мемлекеттің дамуындағы Конституцияның маңызын ашуда нақты аргументтерімен мысалдар келтіреді. Орта деңгейлі жауапта шамалы бағалау мен талдау жасалынады. Төмен деңгейдегі жауаптың басым бөлігі сипаттама түрінде беріліп, нақты емес мысалдар келтіруі мүмкін.

Жалпы балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ Білу және түсіну	2-БМ Дағдылар және талдау
8–10 балл Анықталған мазмұнды өте жақсы білетінін және түсінетінін көрсетеді.	11–15 балл Анықталған мазмұнды тиімді талдау және бағалау.
4–7 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде білетінін және түсінетінін көрсетеді.	6–10 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде талдау және бағалау.
1–3 балл Анықталған мазмұнды аздап білетінін және түсінетінін көрсетеді.	1–5 балл Анықталған мазмұнды аздап талдау және бағалау.
0 балл Анықталған мазмұнды білмейтінін және түсінбейтінін көрсетеді.	0 балл Анықталған мазмұнды талдамау және бағаламау.

3- эссе сұрағы

«Әміре Қашаубаев – қазақ мәдениетін әлемдік деңгейде насихаттаушы». Сіз бұл пікірмен қаншалықты келісесіз?

[25]

1-БМ – 10 балл

2-БМ – 15 балл

Арнайы балл қою кестесінің мазмұны

- 1-БМ** *БМ1 Оқушы тұжырым бойынша өз пікірін білдіреді. Жоғары деңгейлі жауапта Ә. Қашаубаевтың Семейдегі қазақ жастарының ағарту ұйымына мүшелігін, халық өнерпаздарының байқауына қатысуы, Париждегі Бүкіл дүниежүзі көрмесіне, Германиядағы Халықаралық музыкалық көрмеге қатысып, күміс медалімен марапатталуы, Әміренің орындауында бірнеше әнін үн таспаға жазылып алынуы, Еуропаның газет журналдарында сирек кездесетін талант екенін жазғанын көрсетуі, дүние жүзі мәдениетінің ірі өкілдері тарапынан жоғары баға алғаны туралы білімін көрсетеді. Орта деңгейлі жауапта білімін жалпылама өрбітеді, мәліметтер жеткіліксіз түрде беріледі. Төмен деңгейлі жауаптарда оқушы шектеулі түрде білімін көрсетіп, мәліметтерді мүлдем келтірмеуі мүмкін.*
- БМ2** *Оқушы тұжырымға байланысты өз пікірін білдіреді және екі жақты қарастырады. Жоғары деңгейлі жауапта Ә.Қашаубаевтың қазақтың халық әндерін әлемге паш еткеніне нақты мысалдар келтіреді, елге сіңірген еңбектеріне баға береді. Сол кездегі әлемде өнерін көрсеткен тұлғалармен салыстыруы мүмкін. Сонымен қатар қазіргі күнмен байланыс орнатады. Орта деңгейлі жауапта сұрақты бір жақты ашылуы мүмкін. Төмен деңгейлі жауапта шамалы бағалау мен талдау жасауға талпынады.*

Жалпы балл қою кестесінің мазмұны

1-БМ Білу және түсіну	2-БМ Дағдылар және талдау
8–10 балл Анықталған мазмұнды өте жақсы білетінін және түсінетінін көрсетеді.	11–15 балл Анықталған мазмұнды тиімді талдау және бағалау.
4–7 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде білетінін және түсінетінін көрсетеді.	6–10 балл Анықталған мазмұнды тиісті түрде талдау және бағалау.
1–3 балл Анықталған мазмұнды аздап білетінін және түсінетінін көрсетеді.	1–5 балл Анықталған мазмұнды аздап талдау және бағалау.
0 балл Анықталған мазмұнды білмейтінін және түсінбейтінін көрсетеді.	0 балл Анықталған мазмұнды талдамау және бағаламау.